

ҚОСЫМША–1

‘Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше ахуал және төтенше жағдайларды реттеу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы’ заң жобасына САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ

р/с №	Құрылым дық элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылған редакция	Өзгерту немесе толықтыру негіздемесі
1	‘Төтенше жағдай туралы’ ҚР Заңы	Жаңа тармақ Жоқ	Бүкіл мәтін бойынша ‘төтенше жағдай’ ұғымы, орыс тіліне аударылғанда ‘чрезвычайное положение’ мағынасында қолданылатын ұғым ‘төтенше ахуал’ деп өзгертілсін. Сәйкесінше, заңның атауы да ‘Төтенше ахуал туралы’ заң деп өзгертілуге жатады.	Бұл заңи ұғымдарды орынды қолданып, дұрыс түсінуге негіз болады. ‘Төтенше жағдай’ (чрезвычайная ситуация) мен ‘төтенше ахуал’ (чрезвычайное положение) ұғымдарын заңнамалық деңгейде ажырату қажеттігі туындағандық- тан, атауды нақтылау ұсынылады.
2	1-бап	‘Төтенше жағдай туралы’ заңның 1-бабының 1-3)- тармақшасы жоқ.	1-3) ‘Әлеуметтік- биологиялық сипаттағы төтенше жағдай – Қазақстан Республикасының аумағында халықтың денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке қауіп	Эпидемия мен індеттер табиғи сипаттағы төтенше жағдай қатарына жатқанымен, 2020 жылғы 16 мамырдағы

			төндіретін немесе экожүйеге зиян келтіретін биологиялық агенттердің (микроорганизмдер, вирустар, токсиндер, генетикалық түрлендірілген ағзалар және басқа да биологиялық факторлар) адамдардың арасында жұқпалы аурулар таралуы салдарынан туындайтын төтенше жағдай.'	өзгерістерге сай COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген төтенше жағдай режимі 'әлеуметтік-экономикалық' сипатта деп белгіленді. Бұл заң нормаларындағы қайшылықты көрсетеді. Сәйкесінше, төтенше жағдайды құқықтық реттеуде оның классификациясы нақтылануы тиіс. ҚР заңнамасына әлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдайдың дербес түрін енгізу ұсынылады.
3	4-баптың 2-тармағы	'Төтенше жағдай туралы' заңның 4-бабының 2-тармағының 3)-тармақшасы жоқ.	3) адамдардың арасында жұқпалы инфекциялық аурулардың таралуы (эпидемия, пандемия); биологиялық терроризм (биологиялық агенттердің әдейі адамдарға жаппай жұқпалы аурулар тарату	Әлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдайды (ковид тәжірибесі бойынша) табиғи

			мақсатымен таратылуы); биотехнологиялық қатерлер (генетикалық түрлендірілген ағзалардың адамдарға жаппай жұқпалы аурулар тарату мақсатымен бақылаусыз таралуы); әртүрлі биологиялық агенттердің жаңа мутациясы (жаңа немесе генетикалық түрде өзгерген жұқпалы агенттер); адамдардың арасында жаппай жұқпалы аурулар таралуға ықтимал болатын жаңа инфекциялардың анықталуы (эпидемиологиялық жағдайдың бақылаудан шығуы).	сипаттағы ТЖ-дан бөлек негіздеме ретінде қарастыру қажет. Заңнамада биологиялық факторлар тудыратын төтенше жағдай түрін нақтылап көрсету ұсынылады.
4	14-1-бабы, 1-тармағы	1. Төтенше жағдай кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша мемлекеттік органдардың, президенттік және үкіметтік байланысты, сондай-ақ шұғыл қызметтердің байланыс желілері мен құралдарын қоспағанда, байланыс	1. Төтенше ахуал кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша мемлекеттік органдардың, президенттік және үкіметтік байланысты, сондай-ақ шұғыл қызметтердің байланыс желілері мен құралдарын қоспағанда, байланыс желілері мен құралдардың қызметін тоқтатпастан, барлық жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға тең дәрежеде байланыс көздерінің жоғары деңгейде жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.	Қазіргі заманда төтенше ахуалда мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды, әлеуметтік қатынастарды реттеуде байланыс көздерін шектеу емес, керісінше оларды жоғары деңгейде жұмыс істеуін қамтамасыз ету маңызды (қашықтықтан еңбек ету, оқу,

		желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ 'Байланыс туралы' Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабының 1-2-тармағына сәйкес олардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар.		жиналыстар өткізу, тез ақпарат тарату т.б.). Сондықтан байланыс желілерінің қызметін тоқтатпай, қолжетімді ету ұсынылады.
5	13-бап	'Төтенше жағдай туралы' заңның 13-бап 1-1 тармақ жоқ	1-1. Комендант әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай негіз болған төтенше ахуал режимі жарияланғанда тағайындалуы тиіс.	Тәжірибе көрсеткендей (COVID-19), әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай режимі кезінде мемлекеттік комиссия құрылғанымен, басқару негізінен Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерге жүктелді. Алайда заңда жергілікті жердің комендатурасын тағайындау мүмкіндігі көзделген. Әлеуметтік сипаттағы ТЖ

				кезінде басқарудың өзіндік ерекшелігі бар екенін айқындау үшін осы норма ұсынылады.
6	17-баптың 1-тармағы	1. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын шектеу, оларға қосымша міндеттер жүктеу төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар туындатқан шектерде жүзеге асырылуға тиіс.	‘1. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын шектеу, конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана , оларға қосымша міндеттер жүктеу төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар туындатқан шектерде жүзеге асырылуға тиіс.’.	Төтенше жағдай туралы’ заңның 17-бабы төтенше жағдайлар уақытында адам құқықтарын шектеу Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға қайшы келмеуі керек деп бекітеді. Алайда, халықаралық шарттар төтенше жағдайлар кезеңінде адам құқықтарына шектеуге жол беретіндіктен, бұл норма адам құқықтарын шектеуде нақты талаптарды бекітпейді деп санаймыз.
7	1-2 тарау	Жоқ ‘Төтенше жағдай туралы’ заңның	3-6-бап. Әлеуметтік-биологиялық сипаттағы	Заңда биологиялық факторлардан

		мазмұнында 1-2 тарау қарастырылмаған.	төтенше жағдайдың белгілері Өлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдай деп Қазақстан Республикасының аумағында халықтың денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке не экожүйеге елеулі қатер келтіретін жұқпалы аурулар эпидемиясы немесе пандемиясы, ауыл шаруашылығы мен жабайы табиғатқа қауіп төндіретін эпизоотия мен эпифитотия, биологиялық терроризм фактілері, генетикалық түрлендірілген немесе мутацияланған биологиялық агенттердің бақылаусыз таралуы, сондай-ақ қауіпті зертханалық апаттар салдарынан туындайтын ахуал танылады. 3-7-бап. Өлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдайды жариялау тәртібі Өлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдай Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен жарияланады және сол күні Парламенттің Палаталарына енгізіледі. Жарлықта төтенше жағдайдың шекарасы,	туындайтын төтенше жағдайды құқықтық реттейтін арнайы тарау болмаған. COVID-19 сияқты пандемиялар тәжірибесі өлеуметтік-биологиялық сипаттағы ТЖ-ны заңда дербес реттеу қажеттігін көрсетті. Сондықтан арнайы тарау енгізу ұсынылады.
--	--	--	---	--

			қолданылу мерзімі (отыз тәуліктен аспайды), енгізілетін шектеулер мен оларды ұзарту шарттары көрсетіледі; мерзімді ұзарту тек Мәжіліс қаулысымен жүзеге асырылады. 3-8-бап. Әлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдайға ден қою шаралары Санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, фитосанитариялық режим күшейтіледі; карантин, қашықтан еңбек және оқу режимі, вакцинация, тестілеу, жеке қорғаныш құралдарын орталықтандырылған бөлу қолданылады. Шектеу шаралары қажеттілік және пропорционалдылық қағидаттарына сәйкес енгізіледі; олардың күшін жою көрсеткіштерін Үкімет белгілейді. 3-10-бап. Әлеуметтік-биологиялық қауіптерден қорғау құралдары Вакциналар, иммунобиологиялық препараттар, диагностикалық тест-жүйелер, жеке қорғаныш	
--	--	--	---	--

			құралдары және тиісті медициналық техника бірыңғай ұлттық қорда қалыптастырылады; операторды Үкімет айқындайды. 3-11-бап. Әлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше ахуал режимін қамтамасыз ету қызметі Үйлестіруші орган – Үкімет жанындағы Мемлекеттік комиссия; орындаушы орган – Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер. Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер шектеу шараларын енгізеді, эпидемиологиялық ахуал картасын жүргізеді, барлық қаулыларды әділет органдарында тіркеп, электрондық үкімет порталында жариялайды. 3-12-бап. Әлеуметтік-биологиялық қауіпсіздік нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік Режимді және санитариялық қаулыларды бұзғаны үшін жеке тұлғаларға, лауазымды тұлғаларға және заңды тұлғаларға әкімшілік айыппұлдар, салдары ауыр болса – Қазақстан Республикасының	
--	--	--	--	--

			Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылық қолданылады. 3-13-бап. Ақпараттық ашықтық және есептілік Үкімет күніне бір рет ресми интернет-ресурста ахуал туралы деректерді жаңартып отырады. Режим аяқталғаннан кейін отыз күн ішінде Премьер-Министр Парламентке әлеуметтік-экономикалық салдар жөніндегі есепті ұсынады. 3-14-бап. Қаржыландыру және халықаралық ынтымақтастық Шығыстар республикалық және төтенше резервтер есебінен, сондай-ақ халықаралық көмек қаражатынан өтеледі. Қазақстан биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық шарттарда көзделген өзара көмек тетіктерін іске асырады.	
8	‘Байланыс туралы’ ҚР Заңы, 41-1-бап ‘Байланыс желілерінің және (немесе)	1-тармақ (бірінші абзац) – ҰҚК бастамасымен немесе Бас Прокурордың ұсынысымен байланыс желілерін/құралдарын уақытша тоқтатуға	1-тармақ мынадай екі абзацпен толықтырылсын: – ‘Байланыс желілерін және (немесе) құралдарын толық немесе ішінара тоқтата тұру туралы шешім қабылданған (1 тармақ) күннен бастап 24 сағат ішінде Қазақстан	Пункт 4 кестеде (14-1-бап) Үкіметке байланыс құралдарын толық өшіруге тыйым салады; алайда дәл осындай өкілеттік 41-1-

	құрал-дарының жұмысын тоқтата тұру тәртібі'	өкілеттік беріледі. 2-тармақ (бірінші сөйлем) – ҰҚК не уәкілетті орган байланыс операторларына 1 сағат ішінде нұсқама жібереді.	Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жазбаша хабардар етіледі.' – 'Тоқтата тұру мерзімі 30 (отыз) тәуліктен асатын болса, оны әрі қарай ұзарту тек Парламент Мәжілісінің қаулысымен жүзеге асырылады.' 2-тармақтың соңғы бөлігі (нұсқама мазмұны) мына редакцияда баяндалсын: – 'Нұсқамада шешімнің әрекет ету мерзімі, географиялық ауқымы, техникалық параметрлері, сондай-ақ шектеу шараларының уақытша сипаты мен пропорционалдылығын негіздейтін есеп көрсетіледі; нұсқама ресми интернет-ресурста көпшілікке қолжетімді етіледі.'	бапта сақталып, екі заң арасында коллизия туындайды. Ұсынылған нормалар байланыс шектеулеріне парламенттік және прокурорлық бақылау енгізеді (24 сағ хабарлама + 30 күннен ұзартуды Мәжіліс шешімімен бекіту). Пропорционалдылық пен ашықтық талаптары (уақыт, ауқым, техникалық параметр, жария есеп) азаматтардың коммуникация бостандығын қорғау тетігін күшейтеді. Осылайша 14-1 және 41-1 баптары семантикалық тұрғыда симметрияланады, заңаралық қарама-
--	---	---	--	---

				қайшылық жойылады.
9	‘Азаматтық қорғау туралы’ ҚР Заңы, 100-бабы 8-тармағының 2-абзацы	100-бабы, 8-тармағының 2-абзацы: ‘8. Азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың қызметкерлері мен өзге де жұмыскерлері төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде, оқу-жаттығуларда, жауынгерлік және жедел кезекшіліктерде, оқу орталықтарында ағы сабақтарда, жауынгерлік техника сабақтарында, арнайы міндеттерді орындаған кезде арнаулы киім киіп жүреді.’.	‘...төтенше ахуал немесе соғыс жағдайы...’ деп өзгертілсін.	‘Төтенше жағдай’ көбінесе ‘чрезвычайная ситуация’ мағынасында қолданылады, ал ‘төтенше ахуал’ – ‘чрезвычайное положение’ деген конституциялық-құқықтық режимді білдіреді. Сондықтан 100-баптың 8-тармағы 2-абзацы ‘төтенше немесе соғыс жағдайы’ деген сөздер ‘төтенше ахуал немесе соғыс жағдайы’ болып өзгертілуі тиіс. Бұл терминдік дәлдікті және заңнамалық бірізділікті қамтамасыз етеді.

10–а	ҚР Азамат-тық кодексі, 359-бап	Азаматтық кодексте ‘бой бермейтін күш’, ‘төтенше және тойтарылмайтын мән-жайлар’ терминдері бар, бірақ нақты анықтама берілмеген.	359-бап. Тойтарылмайтын жағдай ұғымының анықтамасы 1. Тойтарылмайтын жағдай (непреодолимая сила) – міндеттемеге қатысушылардың еркінен тыс орын алатын, әдетте болжап білу немесе оған жол бермеу мүмкін емес төтенше және тойтарылмайтын мән-жай. 2. Тойтарылмайтын жағдайдың қатарына мыналар жатуы мүмкін, бірақ онымен шектелмейді: дүлей апаттар (су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, сел, дауыл, індет және т.б.), соғыс қимылдары, әскери басқыншылық, лаңкестік актілері, жаппай тәртіпсіздіктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген өңірлерінде енгізілген ‘төтенше ахуал’ режимі және осыған байланысты қабылданған шектеу шаралары. 3. Міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы тойтарылмайтын жағдайдың салдарынан деп танылуы үшін, борышкер: а) осы жағдайлар	COVID-19 тектес індеттер мен карантиндік/шектеу шараларын сот практикасында тойтарылмайтын жағдай ретінде тану даулы болды. Осы толықтыруды енгізу арқылы ‘тойтарылмайтын жағдай’ ұғымын заң жүзінде бекіту және оның негізгі белгілерін айқындау ұсынылады. Бұл шаруашылық субъектілерінің шарттық қатынастарда тәуекелдерді алдын ала бөлуді қарастыруына да мүмкіндік береді. Сонымен қатар ‘төтенше ахуал’ (чрезвычайное положение) де тойтарылмайтын жағдайдың бір мысалы
------	---------------------------------------	---	--	---

			кезіндегі өзінің төтенше әрі тойтарылмайтын мән-жайға тап болғанын дәлелдеуге; b) міндеттемені орындаудың нақты немесе заңды тұрғыда мүмкін болмағанын растауға тиіс. 4. Тойтарылмайтын жағдайдың басталуына себеп болған мән-жайлар жойылғаннан кейін, міндеттеме орындау қалпына келеді. Тараптардың келісімімен немесе заңда көзделген өзге жағдайларда міндеттеменің орындалу мерзімі ұзартылуы не міндеттеме тоқтатылуы мүмкін.	ретінде көрсетіледі.
10–б	ҚР Азамат-тық кодексі, 374-бап	374-баптың 1-тармағы тек міндеттемені фактілік тұрғыдан орындаудың мүмкін еместігіне қатысты. ‘Құқықтық мүмкін еместік’ және төтенше ахуалдағы уақытша тыйым-шектеулер көрсетілмеген.	374-бап (міндеттемені орындауға мүмкіндік болмағандықтан тоқтатылуы) 1-тармақтың соңына келесі жаңа сөйлемді енгізу: ‘Міндеттемені орындаудың құқықтық мүмкін еместігі төтенше ахуал кезінде енгізілетін нормативтік тыйымдар мен шектеулердің әрекет ету кезеңіне де қолданылатынын ескеру қажет.’	‘Құқықтық орындалмаушылық’ ұғымын қамтып, төтенше ахуал кезіндегі уақытша тыйым-шектеулер де орындалмаушылыққа теңестірілетінін нақтылайды.
10–в	ҚР Азамат-тық	375-бапта мемлекеттік орган актісіне	375-бап (мемлекеттік орган актісіне байланысты)	Төтенше ахуалда мемлекет

	кодексі, 375-бап	байланысты міндеттеменің тоқтатылу тәртібі бар, бірақ төтенше ахуал актілері бөлек көрсетілмеген.	міндеттеменің тоқтатылуы) Бапты жаңа 3-тармақпен толықтыру ұсынылады: '3. Төтенше ахуал режимінде мемлекеттік орган қабылдаған актілердің күшіне енуі салдарынан міндеттемені орындау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай актілер 374-баптың 1-тармағы мәнінде құқықтық орындалмаушылық ретінде танылады және міндеттемені тиісінше тоқтатуға әкеп соғады.'	шығарған кез келген актінің салдарынан туатын 'құқықтық мүмкін еместік' бірден 374-бап механизмі арқылы міндеттемені тоқтатуға негіз болады.
11	ҚР Азамат-тық процестік кодексінің 273-бабының 1-1) тармақшасы	1-1) іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсері болған жағдайларда іске қатысатын адамдардың арызы бойынша немесе өз бастамасымен іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұра алады. Іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі	'1-1) іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін (бой бермейтін) күштің әсері болған жағдайларда іске қатысатын адамдардың арызы бойынша немесе өз бастамасымен іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұра алады. Іс бойынша одан әрі іс жүргізуге уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін (бой бермейтін) күштің әсері деп төтенше ахуалдың енгізілуін, әлеуметтік, табиғи, техногендік, әлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар қатерін	Аталған түзету соттарға төтенше ахуал, эпидемиялық шектеулер немесе өзге де тойтарылмайтын жағдайлар орын алғанда азаматтық процесті тоқтата тұруға заңды тұрғыда нақты негіз береді. Нәтижесінде, сот өндірісі барысында тараптардың құқықтары қорғалып, шектеу шаралары

		келтіретін еңсерілмейтін күштің әсері деп төтенше жағдайдың енгізілуін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатерін немесе туындауын түсінген жөн.	немесе туындауын түсінген жөн.'.	аяқталған соң істі қарау жедел түрде қайта жалғасуы қамтамасыз етіледі.
--	--	--	---	--